

**ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
АЛМАТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

# **Сын тұрғысынан ойлау технологиясының теориясы**

Орындаған: Диқамбай Н.

Тобы: ПО-13-11

Жетекші: Жұмаш А.

**Алматы 2015**



# ***Кіріспе***

Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс»- деп атап көрсетті. ХХ ғасырда алдыңғы қатарлы елдердің ақпараттар қоғамына енуі тұлғаның заманауи талаптарға сай ой тұжырымдауын талап етеді. Болашақ ұрпақ білімді өздігінен таба біліп, заманауи қоғам үшін қажет дағдыларды игеру маңызды болып табылады. Бүгінгі Қазақстанның қоғамдық өміріндегі ең алдымен гуманитарлық білім жүйесін жаңарту – өзекті мәселе болып отыр.



# ***Кіріспе***

Қазіргі қоғамның маңызды проблемаларының бірі – бұл құбылмалы әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүріп қана қоймай, болып жатқан құбылысқа белсенді әсер ете отырып, оны жақсартуға бейім тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Түрлі мәдениет пен пікірлерге құрметпен қарау тұлғалық, тұлға аралық, мәдениет аралық құзыреттіліктердің бөлігі болып табылады. Оқушыларды лайықты мінез-құлық нормаларына сәйкес тәрбиелеу оқушылардың қоғамның әлеуметтік және еңбек өміріне тиімді және сындарлы қатысуына мүмкіндік береді, көп мәдениетті болуына ықпал етеді.

## Сын тұрғысынан ойлау технологиясының теориясы

Қазіргі заманда нені оқыту емес, қалай оқыту маңыздырақ болып отыр. Сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технологиялар баршылық. Солардың бірі «Сын тұрғысынан ойлау технологиясы». Бұл технология Кеңес өкіметі кезінде 1973 жылдан, Қазақстанда 1997 жылдан бері таныла бастады. Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау, яғни, RWCT жобасы 29 мемлекетте қолданылады. Технологияның негізін қалаушылар американдық ғалымдар Джон Дьюи, Мередит, Джинни Л.Стил, Куртис С.Мередит, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады. Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Біздің елімізге Джордж Соростың ашық қоғам институты, “Сорос-Қазақстан” қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибелеріне ене бастады «Оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы» RWCT Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түпкір — түпкірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі.

## Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз не?

Оқушы — ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші. Мұғалім — әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы. *Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз* – сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойыңды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау. *Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз* — ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Технологияның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде “Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту” бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама.

# Сын тұрғысынан ойлау кезеңдері



- Қызығушылықты арттыру;
- Мағынаны тану;
- Ой-толғаныс



## «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту»

**бағдарламасы бойынша ол**

- шыңдалған ойлау. Кез келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сыни көзбен қарау;
- күрделі мәселелерді шешуге, аса маңызды, жауапты шешімдер қабылдауға құштарлық;
- үйрету мен үйрену бірлігінен, үйренудің қызығушылығынан тұратын, үйренушінің сеніміне негізделген құрылым;

## Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына төменгі шаралар орындалуы шарт

- 1) сын тұрғысынан ойлауды тудыру үшін уақыт керек;
- 2) оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру;
- 3) әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау;
- 4) үйрену барысындағы оқу-шылардың белсенді іс-әрекетін қолдау;
- 5) кейбір оқушылар түсіп қалған қолайсыз жағдайларды әжуаға айналдырмау;
- 6) оқушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету;
- 7) сын тұрғысынан ойлауды бағалау.



## Психология-педагогика ғылымында сыни ойлаудың маңызы

«Сыни ойлау» ұғымы П.П. Блонский, Л.С. Выготский, Н.А. Менчинской, С.Л. Рубейнштейн, А.А. Смирнов, Б.М. Теплов, В. Штерн, И.И. Кожуховская еңбектерінде талданған. Авторлар ой жұмысын бағалау білігімен, болжамдарды жан-жақты тексеру, басқа ойдың ықпалына түспеуімен байланыстырады. Сыни ойлауды қалыптастыру проблемасымен В.А. Попков, А.В. Коржуев, Е.А. Ходос, А.В. Бутенко айналысқан. Кәсіптік–педагогикалық ойлау құрамында ол Ю.Н. Кулюткин, Дж. Вилькеев жұмыстарында қарастырылады. Сыни тұрғыдан ойлаудың психологиялық аспектілері Д.Р. Андерсон, Н.Е. Вераксы, Х. Гарднер, В.П. Зинченко, З.И. Калмыкова жұмыстарында қарастырылады.

## Қоғамдық-гуманитарлық пәндерді оқыту процесінде сыни ойлауды дамыту әдістері мен тәсілдері

Қоғамдық пәндерді оқытуда мұғалімге әдістемелік кеңестер мен бағыттар ұсынылады. Педагогтың басты міндеті оқушылардың өзіндік іс-әрекетін белсенді ұйымдастыру болып табылады. Бұл үшін мұғалімдерге кең көлемде ұсынылатындар: мектеп лекциясы, проблемалық мәселелер мен тапсырмалар, кеңесу элементтері, кестемен, графикалық көрнекіліктермен жұмыс. Зертханалық сабақтарда оқушылар оқулық мәтінімен және дидактикалық материалдармен жұмыс жасайды. Семинар сабақтарында дәстүрлі емес сабақ формалары қолданылады (жобалар бойынша топтық жұмыс, баспасөз материалдарымен жұмыс, белгілі проблемалар бойынша пікірталас, оқушылардың талқыға ұсынатын хабарламалары т.б.).

## Қоғамдық-гуманитарлық пәндерді оқыту процесінде сыни ойлауды дамыту әдістері мен тәсілдері

Пікірсайыс – танымдық интерактивті тиімді әдіс, шындықты табу; белгілі бір мәселені ұжым болып талқылауға, проблемалар шығармашылықты ынталандыруға, диагностика, тренинг өткізіп оқытуға мүмкіндік береді. Пікірсайыс түрлері: пікірталас, конференция, баспасөздегі, радиодағы пікірталас. Дебаттар – ереже бойынша өткізілетін интеллектуалдық ойын. Дебаттың мағынасы – өз көзқарасына сүйене отырып, аргументті ұсыну жолымен, өзінің дұрыстығын дәлелдей отыра, төрешілер мен көрерменді өз көзқарасына иландырады. Пікірсайысты аргументпен жүргізу икемділікті, логикалық ойлауды, шешендік қабілетті дамытуға, интеллектуалды даму үшін жағдай жасайды, тұлғаның белсенді азаматтық бағытын қалыптастыруға мүмкіндік береді

## Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы стратегиялары

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдануымен жүргізілген сабақтың жоғары деңгейде өтуінің алғы шарты оның қағидаларында, яғни, стратегияларында. Стратегия дегеніміз — философия, әдістемелік ұстаным. Мұғалім мен оқушы кез келген стратегияның әдіс-тәсілін, қыр-сырын жетік түсіне білуі қажет. Сонда ғана жұмыс нәтижелі болмақ. Стратегиялар оқушыларды шығармашылықпен әрекет етуге, ізденімпаздыққа баулиды, еркін, терең, жан-жақты ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады, стратегияның 80-нен аса түрі бар. Мысалы: *РАФТ*, *жуан-жіңішке сұрақтар*, *қосжазба күнделігі*, *мига шабуыл стратегиясы*, *INSERT* немесе *түртіп алу стратегиясы*, *Венн диаграммасы*, *куббизм стратегиясы*, *sinkiein* немесе *бес жолды өлең стратегиясы*, *RAFT стратегиясы*, *геометриялық фигуралар стратегиясы* т.б.

**Еркін жазу.** Көп ойды бір уақытта мида сақтау психофизиологиялық тұрғыдан мүмкін. Бұл әдісті сын тұрғысынан ойлау жобасындағы сабақтың үшінші ой толғаныс кезеңінде пайдалану тиімді.

**Венн диаграммасы.** Бір-бірімен айқасқан екі шеңбердің екі жағына салыстыруға берілетін объектілердің сипаттамалары жазылады. Ал айқасқан жерге екеуіне ортақ сипаттар тізіледі. Салыстыруға арналған тапсырмаларды осы диаграммаға салып, оқушылар қызыға толтырады, яғни салыстыру сияқты күрделі ойлау операциясын меңгереді.

**РАФТ.** Бұл стратегияны «кейіпкерге хат» деп алса да болады. Формасын түрлендіруге мүмкіндік бар: хат, хабарландыру, жеделхат, өтініш, бұйрық, жарнама.

**Миға шабуыл стратегиясы** – бұл ұжымдық талқылау, мәселенің шешімін іздеуде қолданылатын тиімді әдіс. Қандайда бір проблеманы әр мүшенің пікірін еркін тыңдау арқылы шешу

**Куббизм стратегиясы** – Ойын арқылы оқыту. Кубиктің алты жағына жазылған сөздер бойынша жұмыс жасайды

**INSERT немесе түртіп алу стратегиясы** — түртіп алу әдісі. Қолдарына қарындаш алып, «v»- білемін, «+» — білмеймін, «-» — мен үшін жаңа білім (ақпарат), «?» – мені таң қалдырды — деген белгілерді қойып отырып мәтіннің мазмұнын түсінеді.

**ДЖИК СО стратегиясы** — ұжымдық оқыту әдісі. Мақсаты: жалпы мәселені алдымен жұпта сосын ұжымда талқылау

# Блум таксономиясы . Білімді игеруге бағытталған 6 қадам

Білу

Түсіну

Қолдану

• Білімді игеруге бағытталған 6 қадам

1. Білу

2. Түсіну

3. Қолдану

4. Бағалау

5. Жасау

6. Таңдау

# Блум таксономиясы . Білімді игеруге бағытталған 6 қадам

Талдау

Жинақтау

Бағалау

## Блум туралы қысқаша мағлұмат

Блум, Бенджамин (ағыл. Benjamin Bloom) (1913-1999) –америкалық психолог, оқыту әдістерін зерделеген, «Блум таксономиясы» атауын алған жүйені құрушы. 1942жылы Чикаго университетінде доктор дәрежесін қорғаған. 1965-66жылдары Ағарту ісін зерттеушілер бірлестігінің президенті болған. 1960 жылдары Б.Блум кейіннен «Блум таксономиясы» деп аталып кеткен тұжырымдаманың негізін құраған екі монография басып шығарды: «Адами мінездемелер тұрақтылығы мен өзгеруі» және «Білім мақсаттарын жіктеу». XX ғасырдың 60-70 жылдары АҚШ-тың көптеген білім беру мекемелері Блум тұжырымдамасын қабылдаған, алайда ол жөнінде ғалымдар мен практиктердің тарапынан көптеген сын айтылуына байланысты оларды мектепте қолдану деңгейі едәуір төмендеді.





**Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудың басты айырмашылығы  
- білімнің дайын күйде берілмеуі**

- Егер де мен – әдісі оқушыны өиял әлеміне самғатып, шығарма соңын өз еркінше аяқтауға мүмкіндік туғызатын әдіс.
- Джигсо-ұжымдық оқыту әдісі оқушыларды топқа бөліп, мәтінді 4-ке бөліп 4 топ бір-біріне түсіндіреді.
- Түсініктеме күнделігі-оқушылардың сөздіктермен жұмыс жасауын талап етеді, сөз мағынасын жете түсінуге талпынады.
- Эссе – оқушының сабақта алған әсері, ой толғамы, жалпы қорытындылау.


Ақылдың алты  
қалпағы  
Эдвард де Бонно

Блум  
таксономиясы

Сын  
тұрғысынан  
ойлаудың  
құралдары

Сананың  
әдеттері  
Арт Коста

Дананың кілттері  
Тони Райан



**Сыни тұрғыдан ойлау  
дағдылары**

**•ТАЛДАУ**

**•ИНТЕРПРЕТАЦИЯ**

**•ӨЗІН- ӨЗІ РЕТТЕУ**

**•БАҒА**

**•ТҮСІНДІРУ**

**•ҚОРЫТЫНДЫ**

**•сыни тұрғыдан ойлау**

## Қорытынды

Қазақстан Республикасының гуманитарлық білім беру тұжырымдамасында білім мазмұнын анықтауда қазіргі білім беруді гуманитарландыру проблемаларын, оқытуды бейіндеу, жас ұрпақтың интеллектік дамуы мен рухани-адамгершілікке тәрбиелеу талаптары ескерілген. Сонымен қатар орта мектеп атқаратын міндеттеріне сәйкес, өзіне қойылатын гуманитарлық талаптарға қол жеткізуге тиіс. Орта буында гуманитарлық білімге қойылатын басты талаптар: тарихи оқиғаларды, жекелеген адамдардың қызметін, мемлекеттегі басқару нысандарын түсіне білу және оларды нақтылы бағамдай білу; демократиялық және экономикалық кеңістікте өмір сүру нормаларын үйрену, әлемдік және отандық мәдениеттің ортақ мәселелерін бағдарлай білу, ұлттық сана-сезімге ие болу, адамзаттық өркениетті дамуының негізгі кезеңдерін білу деп атап көрсетілген. Білім берудің қоғамдық-гуманитарлық бағыты оқушылардың тарихты, мәдениетті, қазақ халқы мен Қазақстанда тұратын басқа да этностардың құндылықтары мен дәстүрлерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді, адамдық қарым-қатынас жоғары мәдениетін дамыту, оқушылардың болашақта жетістікпен әлеуметтенуі үшін қажет этикалық нормаларды сақтау, сөйлеукоммуникативтік біліктер мен дағдыларды жетілдіру болып табылады.

## Пайдаланылған әдебиеттер

1. 17 қаңтар 2014 жылғы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдау «Қазақстан жолы –2050:Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» - Астана, 2014. -51 б.
2. Халперн Д. Психология критического мышления. Сер. «Мастера психологии». – СПб.: Питер, 2000. – 512 с.
3. Клустер Д. Что такое критическое мышление? Перемена: Междунар. Журнал о развитии мышления через чтение и письмо. – 2001. – №4 – С. 36-40.
4. Оспанова Н.Т. Педагогические условия формирования критического мышления старшеклассников. Автореферат. – Алматы, 2010. – С. 9-11.